

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 1 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының мүшелерін қызметіне тағайындау туралы.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы конституциялық реформаларды іске асыру үшін жақында Жоғары аудиторлық палатаның ережесін бекітті.

Президентіміз осы органның төрағасы мен екі мүшесін тағайындады.

Конституцияға сәйкес Парламенттің әр Палатасы дербес Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды.

Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидатураларды Палата Төрағасы ұсынады.

Осыған орай Сенаттан Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне Ахметов Рашит Сайранұлы, Нұржанов Нұрлан Амангелдіұлы және Рахимов Расул Нұрланұлының кандидатураларын ұсынамын.

Ұсынылған кандидатуралар Қаржы және бюджет комитетінің отырысында алдын ала талқыланды.

Комитеттің қорытындысын баяндау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаржы және бюджет комитеті өз отырысында Парламент Сенатының Төрағасы Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының мүшесі лауазымына ұсынған Рашит

Сайранұлы Ахметовтің, Нұрлан Амангелдіұлы Нұржановтың және Расул Нұрланұлы Рахимовтың кандидатураларын талқылады.

Ахметов Рашит Сайранұлы 1959 жылғы 7 қазанда Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданында туған.

Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын, Батыс Қазақстан инженерлік-техникалық университетін бітірген.

2017 жылғы маусымнан 2022 жылғы маусымға дейін республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі болды.

Нұрлан Амангелдіұлы Нұржанов 1975 жылғы 8 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылында туған.

Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университетін бітірген.

2016 жылғы маусымнан қазіргі уақытқа дейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі.

Расул Нұрланұлы Рахимов 1978 жылғы 29 тамызда Өскемен қаласында туған.

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетін, Бранденбург техникалық университетінің магистратурасын, Оксфорд университетінің магистратурасын бітірген. «Болашақ» халықаралық стипендиясының түлегі болып табылады.

2021 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі.

Аталған кандидаттар кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында өздерін қаржылық бақылау және мемлекеттік аудит саласындағы жауапты басшылар, жоғары білікті мамандар ретінде көрсетті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 57-бабының 1) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының 2022 жылғы 30 қарашадағы ұсыныстары негізінде Қаржы және бюджет комитеті Рашит Сайранұлы Ахметовті, Нұрлан Амангелдіұлы Нұржановты және Расул Нұрланұлы Рахимовты Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасы мүшесі лауазымдарына тағайындауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдау үшін дауыс беру тәртібін анықтап алайық.

Шешімді ашық дауыс беру арқылы және әр кандидатура бойынша жеке-жеке қабылдау ұсынылады. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса алдымен Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі қызметіне Ахметов Рашит Сайранұлын тағайындау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі қызметіне Нұржанов Нұрлан Амангелдіұлын тағайындау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі қызметіне Рахимов Расул Нұрланұлын тағайындау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Тағайындалған әріптестерді құттықтаймыз. Өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарасыздар деп сенеміз. Алдағы жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз.

Рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Екі заң жобасы бір-бірімен байланысты. Бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Заң жобасы және ілеспе заң жобасы бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Мусин Бағдат Батырбекұлына беріледі.

МУСИН Б.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздерге «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын ұсынуға рұқсат етіңіздер.

Қолданыстағы «Геодезия және картография туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылы қабылданғанын атап өту қажет. 20 жылдық кезеңде геодезия және картография саласында үлкен өзгерістер болды, цифрлық технологиялар, спутниктік

жабдықтар өндіріске енгізілді және кеңінен қолданылуда, кеңістіктік деректердің дәлдігіне, өлшеу тиімділігіне және қол жетімділігіне деген талаптар өсті.

Осыған байланысты заңды жаңа редакцияда және ілеспе заңды олқылықтар мен коллизияларды жою мақсатында қабылдау қажеттілігі туындады.

Геодезия және картография саласының жағдайы мемлекеттегі кадастр мен жер-мүлік қатынастарының сапасына тікелей әсер етуі өте маңызды, демек әрбір азаматтың мүддесін қозғайды.

Халықтың көпшілігі геодезия ғылымымен таныс емес, бірақ біздің айналамыздағы жағдайлардың барлығы адам өмірі мен жалпы ел үшін оның маңыздылығы туралы мысалдарға толы. Біз тұратын және жұмыс істейтін ғимараттарды, біз жүретін жолдар мен көпірлерді жобалау және салу кезіндегі қателіктерді жою, сондай-ақ ұшақтардың ұшуы мен қонуы кезіндегі кедергілерді анықтау және тағы басқалар геодезиялық өлшемдердің дәлдігіне байланысты.

Заң жобаларының негізгі міндеттері – Қазақстан Республикасын жоғары дәлдікті геодезиялық координаталар жүйесімен қамтамасыз ету және оның негізінде елдің бірыңғай цифрлық картографиялық негізін құру.

Қазіргі уақытта Қазақстанда бізге Кеңес Одағынан мұраға қалған, ескірген және дәлдігі төмен, тиімділігі және прогрессивтік жөніндегі бүгінгі күнгі талаптарға сәйкес келмейтін 1942 жылғы мемлекеттік координаттар жүйесі орнатылды, өз кезегінде ТМД елдерінің барлығы өздерінің ашық қолжетімді мемлекеттік координаттар жүйелерін енгізді.

Қазақстанда бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесінің ашық қолжетімді болмауы, шектеу белгісі бар деректерді пайдалануға жол бермеу үшін субъектілердің өз кезегінде әртүрлі құпия белгісі жоқ және заңмен бекітілмеген координаттар жүйелерін қолдануына әкелді, мысалы, бір елді мекенде бірнеше координаттар жүйесі қолданылады. Нәтижесінде әртүрлі жүйелерде, форматтарда және құрылымдарда құрылған кеңістіктік деректердің үлкен көлемі жинақталған, бұл кеңістіктік ақпаратты пайдалану және салалық (ведомстволық), өңірлік ақпараттық жүйелер мен кадастрлардың деректерін интеграциялау процестерін қиындатады және кейде тікелей кедергі келтіреді.

Бұдан басқа координаттар жүйелерінің бытыраңқылығы оларды бір жүйеден екінші жүйеге қайта есептеу қажеттілігіне алып келеді, алайда қайта есептеу тәртібі де реттелмеген. Бұл өз кезегінде жер қатынастары, сәулет, геология, жер қойнауын пайдалану және кеңістіктік ақпаратты пайдаланатын басқа да салалардағы жұмыстарды жүргізу кезінде субъектілердің артық шығындарын талап етеді.

Нақты, жедел және өзекті ақпаратты тиімді пайдалану үшін бір платформада бірыңғай форматта және бірыңғай талаптар бойынша кеңістіктік деректер жиналатын Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру заң жобасына енген жаңа толықтыру болып табылады. Бұл – инфрақұрылым елімізді цифрландыруда маңызды рөл атқаратын геодезия және картография саласы тарихындағы алғашқы ауқымды жоба.

Аталған жоба кеңістік деректерін унификациялауға, дамытуға және актуалды күйде ұстап тұруға, сондай-ақ бытыраңқы кадастрлар мен ақпараттық жүйелерді бір ақпараттық кеңістікке интеграциялауға мүмкіндік береді. Осылайша жергілікті жерде

жаңадан пайда болған объект, яғни ол үй болсын, жол болсын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер рәсімдерінен өту кезінде картада пайда болып, оны жаңартып отырады.

Негізгі заң жобасын іске асыру нәтижесі халыққа көрсетілетін қызметтердің (жер қатынастары, сәулет, құрылыс, табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, геология, тұрғын үй-коммуналдық және ауыл шаруашылығы саласында) жеделдігі мен сапасын арттыру, адал бәсекелестік үшін жағдайлар жасау, мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың тиімділігі мен жеделдігін арттыру болып табылады.

Негізгі заң жобасының қабылдануына байланысты алты кодекске және он заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Ілеспе заң жобасын қабылдаудың мақсаты – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жаңадан әзірленетін «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіру, сондай-ақ олқылықтар мен қарама-қайшылықтарды жою.

Тұтастай алғанда, заң жобаларын қабылдау теріс әлеуметтік және экономикалық салдарға әкелмейді.

Заң жобаларын қолдауды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобалары бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Бағдат Батырбекұлына.

Заң жобасында жер қатынастары, сәулет, құрылыс, ауыл шаруашылығы және тағы басқа салаларда халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру көзделген. Осылайша әрбір жаңадан пайда болған объект – ол үй болсын, жол болсын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер рәсімдерінен өту кезінде деректер базасына енгізіледі және онда олар жаңартылып отырылуы тиіс. Осыған орай сұрағым бар.

Деректер базасына тиісті мәліметтерді уақытылы енгізу және жаңартылу мерзімі нақты белгіленген бе? Сондай-ақ осыған қатысты талаптар орындалмаса қандай жауапкершілік қарастырылған? Рақмет.

МУСИН Б.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Рысқали Қалиақбарұлы, шынында да өзекті мәселені қозғап отырсыздар. Бұл жағдайда ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымына тиісті мәліметтерді енгізу базалардың интеграциясы арқылы шешілетін болады. Мысалы, жерді рәсімдеген кезде олар халыққа қызмет көрсету орталықтарына әкімнің өкімін, басқа да құжаттарды өткізіп жерді рәсімдейді, ол рәсімделген құжаттар тиісті базаға қондырылады. Кеңістіктік деректер базасын интеграциялау арқылы ақпараттың барлығы сонда қондырылатын болады, яғни біздің инфрақұрылымдық кеңістіктік базасына жаңадан енгізу талабы қойылмайды. Өйткені инфрақұрылымдық кеңістік деректер, картография базаларының интеграциялануы арқылы барлық ақпарат қондырылады және жаңартылып отырады.

Интеграция жасау рәсімі арнайы ережелер арқылы бекітілетін болады, яғни интеграция жасаудың жолы, мемлекеттік органдардың міндеттемелері сол ережелерде жазылатын болады. Егер ол ережелерге сәйкес келмесе, яғни мемлекеттік қызметшілер интеграциялау жұмыстарын жасамаса, онда мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі көрсетілген тәртіп арқылы шешілетін болады. Бұндай жауапкершілікке біз әкімшілік немесе басқа шараларды көздеп отырған жоқпыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Бағдат Батырбекұлына. Сұрағым «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Заң жобасы бойынша.

Қазіргі уақытта мемлекеттік мақсаттағы бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін геодезиялық және картографиялық жұмыстар негізінен сала бойынша уәкілетті органның – Қорғаныс министрлігі мен басқа да салалық министрліктер, сонымен қатар жергілікті атқарушы органдардың тапсырысы негізінде жүзеге асырылатыны белгілі.

Бұл ретте заң жобасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын геодезиялық және картографиялық жұмыстарды атқару барысында олардың орындаушылары бұрын жасалған кеңістіктік, яғни геодезиялық және картографиялық деректерді пайдалануға міндетті болып табылады. Аталған шараның негізгі мақсаты – саладағы бюджет шығындарын үнемдеу. Алайда заң жобасында уәкілетті органның құзыретінде аталған міндеттемені бақылау туралы нақты функциясы айқындалмаған.

Осыған байланысты келесі сұрақтар туындауда.

Бірінші. Аталған міндеттеменің орындалуын бақылау механизмі қандай және оны қандай орган жүзеге асырады?

Екінші. Осы міндеттемені орындамауға байланысты аталған жұмыстарға тапсырыс берушілер мен оны орындаушыларға қолданыстағы заңдарда қандай жауапкершілік белгіленген? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бағдат Батырбекұлы, жауап беріңіз.

МУСИН Б.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, жауап беруге рұқсат етіңіз.

Құрметті Жанболат Әкебайұлы! Бақылау субъектілеріне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру Кәсіпкерлік кодекске сәйкес жүзеге асырылады. Уәкілетті орган ретінде біздің министрлік осыған бақылау жүргізеді. Әкімшілік және басқа да жауапкершілікті көздейтін норма бұл заң жобасында қарастырылмаған. Қазір Мәжілісте қаралып жатқан Әкімшілік кодексте жер саласын бақылауды күшейту жөнінде заң жобасымен жұмыс жүріп жатыр, біз соған тиісті нормаларды енгізуді ұсындық, ол Мәжіліс депутаттары тарапынан талқылануда. Біздің ойымызша, Әкімшілік кодексіне тиісті нормалар енгізу қажет. Сол кодексте болғаны дұрыс. Заң жобасы сіздердің қарауларыңызға келгенде сол норма болады деген үміттемін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Бағдат Батырбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобалары бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Мұсабаев Талғат Амангелдіұлына беріледі.

МҰСАБАЕВ Т.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қарастырылып отырған заң жобалары геодезия және картография саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіруді арттыруға, геодезиялық және картографиялық субъектілер қызметінің жаңа тетіктерін енгізуге бағытталған.

Заң жобаларын іске асыру нәтижесінде бірыңғай және ашық мемлекеттік координаттар жүйесіне көшіп, елдің бүкіл аумағын бірыңғай платформада кеңістіктік деректермен қамтамасыз ететін болады.

Заң жобаларын қабылдау құрылатын картографиялық өнімнің сапасын арттыруға және жер қатынастары, геология, құрылыс, табиғатты пайдалану және тағы басқа салаларда халыққа көрсетілетін қызметтерді жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар ілеспе заң жобасы мемлекеттің мүдделерін, оның қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін ескере отырып, қолданыстағы заңнаманы жаңа редакциядағы геодезия және картография туралы заң жобасына сәйкес келтіруге арналған.

Заң жобалары бойынша жұмыс барысында комитеттер берген ескертулер мен ұсыныстар жұмыс тобының және комитеттің кеңейтілген отырыстарында жан-жақты талқыланып, нәтижесінде бастамашылар тарапынан алынып тасталды.

Құрметті әріптестер, жоғарыдағы баяндаманы ескере келе, бас комитет қаралып отырған негізгі заң жобасын қабылдауды және ілеспе заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Талғат Амангелдіұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! В принципе, я отмечаю важность принятия данного законопроекта. Министр сказал, что действующий закон был принят еще в 2011 году, а за это время широко развилась цифровизация.

Конечно, пространственные данные имеют ключевое значение для безопасности государства. Вместе с тем хочу остановиться на системных недостатках рассматриваемых законопроектов, которые наблюдаются в последнее время в ряде законопроектов Правительства, вносимых в Парламент.

В который раз приходится повторять общие концептуальные моменты – совершенно неоправданную детализацию и расширение полномочий государственных

органов. По сравнению с действующим законом количество функций государственного органа увеличивается с 22 до 32. Мы прекрасно знаем последствия этих расширений.

Также хотел бы отметить, что за свою законотворческую практику я впервые сталкиваюсь с законопроектом, настолько перегруженным разной специальной и технической терминологией. В понятийный аппарат вводятся неясные для нормального человека понятия, такие как «датум» и тому подобные. Оказывается, «датум» – это набор параметров эллипсоида или квазигеоида, зафиксированных в определенный момент времени. Может быть, для специалистов это и понятно, и правильно. Но зачем это нужно в законе?

И тут же наряду с этими понятиями даются такие простые понятия, как «карта» или «атлас», или дублируются определения из других законов, которые мы давно уже используем, типа «демаркация» и «делимитация».

В целом большая часть статей по критериям статьи 61 Конституции должна регулироваться не законом, а подзаконным актом. Глава государства не раз указывал на такие вопросы по проблемам правовой регламентации.

Отдельно хочу остановиться на сопутствующем законе о внесении изменений и дополнений. Он небольшой по объему. И подавляющее число его норм – это поправки в девять законодательных актов (пять кодексов и четыре закона). Мы редко встречаем, когда сразу в пять кодексов вносятся изменения.

Оказывается, просто из понятия «дистанционное зондирование Земли из космоса» убираются слова «из космоса». Основание для такого исключения слов в том, что в основном Законе «О геодезии и картографии» дается понятие «дистанционное зондирование Земли», где указывается, что процесс получения информации о поверхности Земли путем проведения наблюдения ведется как из космического, так и из воздушного пространства.

Я хочу напомнить, что во все эти кодексы и законы в свое время вводили понятие «дистанционное зондирование Земли из космоса» не в связи с геодезией и картографией, а в связи с Законом «О космической деятельности», там это базовое понятие. В то же время в этот раз в Закон «О космической деятельности» никаких изменений не вносится. То ли просмотрели, то ли посчитали абсурдным из Закона «О космической деятельности» исключать слова «из космоса». В любом случае возникает противоречие всех этих кодексов и законов с Законом «О космической деятельности».

Закон «О геодезии и картографии» – это закон о пространстве, а космическое зондирование имеет более широкую сферу применения. Такое вольное отношение к кодексам требует кардинального пересмотра процедуры внесения изменений в кодексы. Сейчас только в двух кодексах, в Кодексе об административных правонарушениях и Налоговом, реализована идея, что в них изменения и дополнения должны вноситься отдельным законом, а не в качестве дополнений.

Возможно, необходимо на все кодексы распространить такую практику, потому что кодекс в отличие от закона – это не просто нормативный правовой акт, это целая отрасль права и законодательства по своей внутренней логической идеологии. Не случайно сейчас кодексы и поправки к ним рассматриваются не менее чем в двух чтениях.

Для кодекса важнее не формальное соответствие другим законам, а сохранение внутреннего единства.

И последнее концептуальное замечание. Разработчики предлагают в Земельном кодексе возложить на собственника земельного участка и землепользователя новую обязанность – сообщать о случаях повреждения или уничтожения геодезических пунктов, расположенных на их земельных участках. Принцип законотворчества требует, если вводится через закон обязанность граждан, то обязательно должна быть предусмотрена их ответственность. Но никакой ответственности здесь не предлагается, ни Уголовный кодекс, ни Административный кодекс не могут предусмотреть ответственность за недонесение о таких простых правонарушениях. Если не сообщит землепользователь о таких случаях, ничего ему не сделаешь.

Таковыми нормами мы просто дискредитируем возложенные на граждан обязанности через закон. Это снижает уровень ответственности и уважения к законным требованиям.

В целом разработчики обещали в последующих законах исправить указанные проблемы. Однако считаем, что качество законопроектов очень снизилось в последнее время.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобаларының мақсаты бірыңғай географиялық ақпарат жүйесін құру, елімізді жоғары дәлдікті геодезиялық координаттар жүйесімен қамтамасыз ету, бірыңғай цифрлық картография негізін қалыптастыру болып табылады.

Ширек ғасырдың ішінде өндіріске цифрлық технологиялар мен спутниктік құралдар енгізілді, кеңістіктік деректердің дәлдігі, тиімділігі және қол жетімділігіне деген талаптар күшейтіліп, геодезия және картография саласы жұмыстарының сапасына көңіл бөлінуде.

Заң жобасы жедел, анық әрі өзекті ақпаратты тиімді пайдалану үшін бір платформада, бірыңғай форматтағы талаптарды қанағаттандыратын кеңістіктік деректердің ұлттық инфрақұрылымын әзірлеуді көздейді.

Құжат жер, жер бетінің объектілері, табиғи, техногендік және қоғамдық процестер туралы ақпараттар жинауды, сақтауды, талдауды және таратуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ сәулет, құрылыс, жер қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, геология, тұрғын үй шаруашылығы және ауыл шаруашылығы саласындағы көрсетілетін қызметтердің сапасы мен мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттырады, ашық бәсекелестікке жол ашылады.

Ілеспе заң жобасында Жер кодексіне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңға, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Заңға, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға және басқа да заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылған.

Өз тарапымнан талқылап отырған заң жобаларын толық қолдайтынымды білдіремін және әріптестерімді қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Мұхтар Абрарұлына беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірменді әріптестер! Аталған заң жобасының маңыздылығын ескеріп, жаңа ғана өзіміз бірінші оқылымда қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитет отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік

деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Мұсабаев Талғат Амангелдіұлына беріледі.

МҰСАБАЕВ Т.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бүгін Сенат отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды.

Ілеспе заң жобасын қабылдаудың мақсаты қолданыстағы заңнаманы негізгі заң жобасына сәйкес келтіру, сондай-ақ заңнамадағы кемшіліктер мен қайшылықтарды жою болып табылады.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің заң жобасы бойынша ескертулері жоқ, ал бұрын берілген ұсыныстарды бастамашылар алып тастаған болатын.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере келе, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті қаралып отырған заң жобасын екінші оқылымда қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Талғат Амангелдіұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер, қабылданған заңдар еліміздегі геодезия, картография және кеңістіктік деректерге қатысты заңнаманы жетілдіруді көздейді. Жаңа нормалар кеңістіктік деректер, геодезия және картография саласындағы қызметтің жетілдірілген тетіктерін енгізеді. Сондай-ақ ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру және қолдану үшін құқықтық негіз қалыптасады. Бұл инфрақұрылым тұтынушылардың электронды деректерге қол жетімділігін және оларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Алдағы уақытта толық және анық кеңістіктік деректер мен геодезия және картография жүйелері ақпаратты жедел өңдеуге, экономиканың салаларында және мемлекеттік басқару жүйесінде ұтымды шешімдер қабылдауға оң әсерін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне арналады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын толыққанды іске асыру үшін іс жүзіндегі жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қалыптастыру қажет.

Келесі үш жылды Ауылды түлету жылы деп жариялап, триллион теңге бөлінетіні туралы сайлауалды бағдарламада айтылды. Ауыл халқының жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттің бұл қадамы жергілікті өзін-өзі басқару институтын толыққанды іске қосудан басталу керек деп есептеймін.

Конституциялық реформалардың тиімділігі де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нақты қызметіне байланысты. Өйткені осы саланы реттеу мақсатында қабылданған заңдар мен заңға тәуелді актілерге қарамастан қолданылып отырған модельде оның толық жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бірқатар проблемалар бар. Заңнамалық база қалыптасқан жағдайды еңсере алмайды деп айтуға негіз бар. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға және «Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Үкімет қаулысына сәйкес жергілікті қоғамдастықтар жиналыстарын сайлау, азаматтардың тең өкілдігін сақтау мүмкін болмай отыр. Сол себептен жергілікті қоғамдастық жиналыстары көптеген аудандарда, округтерде заң аясында құрылмаған. Әкімдер есеп бергенде сайланған өкілдерді түгендеу жүргізілмейді, жиын өтетін жер толып отырса болды. Адамдарды ауылдық округ әкімінің өз қалауы бойынша шақыруына мүмкіндік берілген. Аудан әкімдерінің есебі кезінде де осылай. Сол себепті ауыл тұрғындары қоғамдық саяси өмірден қалыс қалып, билік шешімдеріне сенімсіздікпен қарау жалғасуда, тіпті жергілікті қоғамдастық жиналыстарының заңда көрсетілген құқықтары да орындалмауда.

Үкімет қаулысына сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиналыстарына қатысу үшін азаматтар санына қарамастан 1000, 200, 50 адамнан да үш өкілден сайланады. Бұл норманы қайта қарау керек.

Мәслихаттардың көпшілігінің шешіміне сәйкес жергілікті қоғамдастық жиналысындағы өкілдер саны дауыс беруге құқығы бар тұрғындар санының 1 пайызын құрайды. Бұл шешім халқы аз ауылдарда толыққанды жиналыста сайлауға мүмкіндік бермейді.

Бұл жерде өкілетті органдардың заңға, қаулыларға өзгерістер енгізу жолымен ғана жағдайды түзейміз деуі үлкен қателік деп ойлаймын. Осы бағытта үлкен талқылауларсыз қалыптасқан жағдайды түзеу мүмкін емес.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының өз бетінше және жауапты қызмет атқаруы үшін ағымдағы жағдайға талдау жүргізу, мемлекеттік аппарат тарапынан бүгінгі күннің талаптарына сай әділетті Қазақстанның мақсатын қамтамасыз ететін құқықтық әдістемелік ұйымдастыру шаралары қамтамасыз етілуі қажет. Ауылдағы халықты өз

билігін өзі ақылдасып шешетіндей халге жеткізсек көп мәселе ауылдың өзінде шешіліп, Мемлекет басшысы бастап отырған реформаларға сенім мен қолдау артатыны сөзсіз.

Бюджеттік бағдарламаларды талқылау, қоғамдастықты дамыту бағдарламаларын қарау, кіріс көздерін қалыптастыру және пайдалану, қаражатқа мониторинг жүргізу, өзекті мәселелерді талқылау, ауылдардағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау жөнінде ұсыныстар енгізуді бүгінгі қоғамдастықтар орындап отыр ма? Күмән үлкен. Тек қана инфрақұрылымды, ауруханалар мен жолдарды салып кетіп қалмай, халықпен қоян-қолтық жұмыс істемей жағдай жақсармайды.

Жергілікті қоғамдастық жұмысын ұйымдастыру, оның жиналысын жүйелі шақыру, жиналыс төрағасының құқығын көтеру сияқты тағы да басқа қадамдар оларға өз функцияларын белсенді және жоспарлы орындауға мүмкіндік берер еді.

Аталған проблемаларды шешпеу халықтың реформалардың толыққанды қатысушысы болуына кедергі келтіреді және биліктің әрекеттеріне немқұрайлылық пен сенімсіздікті азайтпайды, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қажетті нәтиже бермейді.

Осыған байланысты бастапқы кезең үшін келесіні ұсынамын.

Бірінші және ең бастысы. Еліміздің өңірлерінде нақты жергілікті өзін-өзі басқару институттарын орнату үшін өкілетті органдар тиісті ұйымдастырушылық пен құқықтық шаралар қабылдауы тиіс, яғни жергілікті қоғамдастықтарға консультациялық және құқықтық көмек бағдарламасы керек. Бұған қоғамдастық жиынының заңдық хаттамасынан бастап шешімдері мен ұсыныстарының назарға алынуына дейінгі мәселелер жатады.

Екінші. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындары мен жиындарын өткізудің, оған қатысудың тең өкілдік принципі мен механизмін заңнамалық негізде бекіту керек.

Үшінші. Аудандар мен ауылдық округтер әкімдерінің есептерін жергілікті қоғамдастық жиынының сайланған өкілдерінің кворумы болған кезде ғана өткізуді қамтамасыз ету керек.

Төртінші. Жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысын белгілі бір мерзімге сайлау, қоғамдастық жиналысын жүйелі өткізу мәселесін бекіту керек.

Бесінші. Білім және денсаулық сақтау министрліктері «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңын ескеріп, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің аумағында орналасқан мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау әдістемесін әзірлеу қажет.

Құрметті Әлихан Асханұлы, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жергілікті өзін-өзі басқарудағы жағдайды түзету бойынша кешенді шаралардың қабылдануына ықпал етуіңізді сұраймын.

Құрметпен депутат Л. Сүлеймен». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа бағытталады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасы Үкіметіне 2023 жылғы 31 наурызға дейін ауылдық аумақтарды дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдауды қамтамасыз етуді тапсырды.

Енді алдымызда үлкен жауапты міндет тұр. Әрбір ауыл тұрғынының сенімін ақтауға тұратын тұжырымдама дайындалуы тиіс және шешімі табылмаған мәселелерді енгізуді қарастыру қажет. Сол себептен келесі сұрақтар туындауда.

Бірінші – саяжай мәселесі. Қазіргі таңда елімізде 500 мыңға жуық саяжай учаскесі мен серіктестігі бар. Бағбандық бірлестіктер бойынша Алматы облысы республика көлемінде алда, онда барлығы 674 саяжай бар, тұратын халық саны 183 мың адамды құрайды.

Еліміздің әр түкпірінен мегаполиске келіп саяжайға қоныстанғандар ондағы тұрмысты жайлы етуге байланысты әлеуметтік қолдау шараларын талап ете бастады. Әлеуметтік нысандардың жоқтығы, жолдың нашарлығы, ауызсу сапасының төмендігі, электр қуатының жиі сөнуі, қоғамдық көліктердің жоқтығы саяжай тұрғындарының наразылығын тудыруда. Алматы қаласының маңындағы Талғар, Қарасай, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандарының аумақтарындағы саяжайлар бақылаудан шығып, ірілі-ұсақты дау-дамайға себепші болып тұр.

Сонымен қатар саяжайларда елді мекендер мәртебесінің болмауына байланысты инженерлік инфрақұрылым мен әлеуметтік объектілерді салу мүмкіндігі жоқ. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасында саяжай алаптарына инфрақұрылым жүргізу көзделмеген. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңға сәйкес стратегиялық, әлеуметтік-экономикалық және санитарлық нормаларды қарастыра отырып саяжайларға елді мекен мәртебесін беру туралы кешенді жоспар қарастыру қажеттігі туындайды.

183 мың тұрғын Алматы сынды алып мегаполистің айналасындағы аудандарда тұратындығын ескерсек, олардың елді мекен мәртебесін алуы оңтүстік астананың жүктемесін жеңілдетіп қана қоймай, облыстың да өркендеуіне өзіндік серпін берері сөзсіз.

Екінші – көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесі. «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында орталықты өңірлермен жалғайтын біртұтас көлік желісі қалыптасуда.

Халық санының өсуі мен қозғалыс қарқындылығын ескере отырып, Қонаев қаласынан және Талғар, Қаскелең, Есік сияқты ірі елді мекендерден Алматы қаласына дейін маршруттарды, оның ішінде автостанциялар мен автовокзалдар салу талап етіледі.

Сондай-ақ «Алматы – Талғар – Есік» бағыттары бойынша жүрдек жолаушылар рельсті көлігінің құрылысын салу және автокөлік ағынын азайту үшін бұл трассаларды екі жолақтан төрт жолаққа дейін кеңейту қажет. Жоғарғы Талғар және Қаскелең тас жолдары, Қаскелең қаласынан Шамалған станциясына дейінгі тас жолда күн сайын тәулігіне 60 мыңнан астам автокөлік өтеді.

Жалпы айтқанда, Алматы агломерациясын дамытудың бірыңғай көліктік моделін құру туралы бағдарлама қажет.

Үшінші – кәріз тазартқыш құрылыстардың тозуы. Бүгінгі таңда Іле өзені мен көл бойында тұратын облыс тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету көзі болып табылатын Қапшағай су қоймасына кәріз тазарту құрылыстарының ағынды суларының түсу ықтималдығы жоғары. Қонаев қаласының кәріз тазарту құрылыстары 1968 жылы пайдалануға берілді, бұл ретте ғимараттар мен құрылыстар 100 пайызға тозған.

Су қоймасы Балқаш көліне дейін ластанған жағдайда ауқымды экологиялық апат орын алуы мүмкін. Сондықтан қазіргі жағдайда Қонаев қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланды. Тез арада қаланың кәріз-тазарту құрылыстарын реконструкциялауға қаражат бөлуді қажет етеді. Сонымен қатар Қонаев қаласының қарқынды дамуы үшін ірі нысандардың құрылысын жеделдетуге байланысты инженерлік қызметтерге мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдеріне қатысты мәселе бар.

Заңға сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу күнтізбелік 70 күнге жуық уақытты алады. Осыған байланысты объектілердің құрылысы ұзақ уақытқа созылуда.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» және «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңдарына бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру және Түркістан қаласына ұқсас Қонаев қаласының аумағында объектілерді параллель жобалау және салу мүмкіндігі бөлігінде өзгерістер енгізуді қажет етеді.

Сол себепті жоғарыда баяндалған мәселелер бойынша шешім қабылдауды және заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен депутат Ж. Жөргенбаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! 2022 жылдың 1 қарашасында Парламент Сенаты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау, сондай-ақ әскердегі қайтарымызсыз шығындардың алдын алуға арналған дөңгелек үстел өткізді. Депутаттық сауалымызға сол жиында айтылған мәселелер негіз болды.

Жақында Қорғаныс министрлігі 2022 – 2025 жылдарға арналған «Өмірді сақта» бағдарламасын бекітті. Бұл әскердегі суицид, әлімжеттік, сарбаздың өліміне әкелген оқиғалардан кейін халықтың жанайқайынан туған бағдарлама деп айтуға әбден болады. Мәселені сараптай келе түсінгеніміз, бұл фактілердің барлығы да себеп емес, салдар. Ал себеппен күресте кешенді жоспар мен мемлекет деңгейіндегі ауқымды шаралар қажет.

Қазақстан Республикасының Бас әскери прокурорының ақпаратына сәйкес соңғы екі жылда 237 әскери қызметші қайтыс болған. (2020 жылы – 77, 2021 жылы – 96, 2022 жылы – 64 адам). Олардың 145-і әскерге келісімшартпен келгендер, офицерлер – 59, солдаттар – 31. Бұл азаматтардың 89-ы науқастан көз жұмған, 62-і жол апатынан, 50 адам суицидтен, ал 8 адам өзге себептермен қайтыс болған. Ең көп, яғни 89 адам ауырып көз

жұмған. Бұдан көріп отырғанымыз – әскерге шақырылатын жастардың денсаулығы отан алдындағы борышын өтеуге жарамайды.

Жасөспірімнің тән мен рух тәрбиесінде қолға алынуы тиіс жұмыстар өте көп. Мысалы, 13-14 жастағы ер балалардың денсаулығы, тән саулығы, психикасы, психологиясы үнемі бақылауда болуы керек деп есептейміз. Әскерге шақыру комиссиясының алдына келгенше ол баланың бүкіл психо-физикалық портреті, барлық ақпарат арнайы электронды кітапшада жиналып тұрғаны дұрыс. Бұл ақпарат орталықтандырылып, тиісті қорғалып, арнайы платформада сақталғаны жөн.

Қазірге кезде міндеттелген квотаны толтыру үшін әскер қатарына денсаулығы жоқ бозбалалар да кетіп жатыр. Сарбаздың психо-физикалық денсаулық жағдайы – әскери өмірге бейімделуде ең маңызды фактор. Әскерге дейінгі, жасөспірім шақтан жиналған, сарапталған ақпарат суицидке бару, әлімжеттік көрсетуге бейім адамдарды ерте анықтап, көптеген проблемалардың алдын алар еді деп есептейміз.

Бұл проблемалардың барлығы әскери мамандық иелерінің абыройына, қоғам алдындағы мәртебесіне нұқсан келтіретіні сөзсіз.

Мен бұған дейін де әскери-патриоттық тәрбие жөнінде бірнеше мәрте депутаттық сауал жолдаған едім. Жас ұрпақтың әскери мамандыққа деген қызығушылығын ояту, «Отаныңды қорғау – мәртебелі міндет» деген рухта тәрбиелеуіміз керек деп отырғанда әскери имиджге нұқсан келтіретін мәселелер сол күйі шешілмей келеді. Мысалы, Қарулы Күштер қатарындағы келісімшарт бойынша қызметке келген бірінші жылдағы солдаттың жалақысы 82 мың теңге. Қазақстан дәрігерлерінің жалақысы көтерілгенде еліміздің әскери дәрігерлері бұл үлестен қалыс қалып отыр, бүгінде олардың жалақысы 200 мың теңгені құрайды. 2021 жылдан бері «Әскери баспана» бағдарламасы аясында «Отбасы банк» АҚ алғашқы жарнаны 5 пайыздан 20 пайызға дейін өсірген. Ал әскери жалақысы 100 мыңға да жетпейтін жас әскери маман баспананың алғашқы 20 пайызын қалай төлемек? Өңірлерде қызмет ететін әскери қызметшілерді баспанамен қамтамасыз етуде де шешілмеген мәселелер көп. Сонымен қатар әскери киімді азаматтық өмірде бұл мамандыққа еш қатысы жоқ адамдардың киіп жүруі де әскеріміздің абыройына нұқсан. Осыдан кейін барып әскери адамның қоғамдағы мәртебесі туралы қандай сөз қозғауға болады?!

Жан-жағымыздағы геосаяси жағдайды барлығымыз біліп отырмыз. Бәрінен қымбат отанымызды қорғайтын, тірегіміз де, қалқанымыз да біздің әскеріміз. Сондықтан бүгін жеткізіп отырған депутаттық сауалымызды әскердегі жағдай деп қана емес, мемлекет қауіпсіздігі мәселесіне деген алаңдаушылығымыз деп есептеңіздер.

Осыған байланысты:

шақырушы комиссияның құрамын білікті мамандардан құру, шақыру пункттерін тиісті құралдармен жабдықтауды;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерилер мен әскери құралымдарына әскерге шақырылушылардың квотасын облыс аралығында бөлу барысында өңірдің демографиялық жағдайын ескеруді;

Қарулы Күштердің құрамындағы сержанттардың және қатардағы әскери қызметшілердің жалақыларының төмендігіне қатысты мәселені шешуді;

әскери дәрігерлер мен азаматтық дәрігерлердің жалақыларын теңестіруді;

келісімшарт бойынша әскери қызметке келгендерге баспана алу үшін алғашқы жарнаның сомасын төмендету және тұрғын үйді жалдауға бөлінетін қаражатты республика бойынша бірыңғайландыруды ұсынамыз.

Депутаттық сауалдың толық нұсқасын жазбаша түрде жолдаймыз.

Құрметті Әлихан Асханұлы, депутаттық сауалды қарап, нәтижесі бойынша заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап берулеріңізді өтінеміз.

Депутаттар Д. Нұржігітова, С. Ершов, Ғ. Сарыбаев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, біздің сауалымыз Үкімет басшысына жолданады.

«Петропавл, Риддер және Екібастұз қалаларындағы жылу электр станцияларындағы апаттарға байланысты болған соңғы оқиғалар осы салада көп жылдар бойы қордаланып қалған жүйелі мәселелердің жағымсыз нәтижесі болды. Бұл мәселелердің көпшілігі Сенат депутаттары тарапынан бірнеше рет көтерілгенімен әлі де шешімін таппай келеді.

Бүгінгі таңда жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және жабдықтау саласындағы жағдай сын көтермейтін деңгейге жетті. Мәселен, 2019 жылмен салыстырғанда жылу электр орталықтарында техниканың орташа тозуы биылғы жылдың 1 қаңтарында 62 пайыздан 66 пайызға дейін өсті, тіпті кейбір қалаларда бұл көрсеткіш 80 пайыздан асады. Жылу электр орталықтарының техникалық жағдайы жыл сайын қиындай беретіні сөзсіз, себебі Қазақстандағы станциялардың 76 пайызының салынғанына жарты ғасырдан асқан.

Осындай келеңсіз жағдай 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы апаттық тоқтаулар саны 22 пайызға, ал олардың істен шығу ұзақтығы 16 пайызға өсті. Мұндай апаттардың саны жыл сайын арта түседі деген қауіп бар. Себебі урбанизация үрдісі және жаңа нысандардың іске қосылуына байланысты көптеген қалаларда, әсіресе Семей, Тараз, Павлодар және Астанада жылу энергиясының тапшылығы күрт артып отыр.

Елдегі жылу желілерінің жағдайы да үлкен алаңдаушылық туғызады, оның шамамен үштен бірі толық ауыстыруды қажет етеді.

Бұл ретте 2018 жылдан бастап жылу желілерін жаңғырту жобаларын жүйелі түрде жеткіліксіз қаржыландыру байқалғанын да айта кеткен жөн. Сондай-ақ мұндай жобаларды бюджеттік несиелендіруге жергілікті атқарушы органдардың табиғи монополиялар субъектілерінің шектеулі тарифтеріне байланысты қаржының қайтаруын қамтамасыз ету үшін қызығушылықтары да төмен.

Биылғы жылдың басында «Өңір» депутаттық тобы Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетімен бірлесіп, электр энергетикасын дамыту мәселелері бойынша Үкіметке жылу беру маусымына дайындық пен оған жауапкершілікті күшейту және барлық өңірлердегі субъектілер бойынша техникалық аудит жүргізуді жеделдету жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды. Бұл нақты техникалық жағдайды бағалау, сондай-ақ оларды жаңғырту, жаңарту және жөндеу үшін қажетті қаржылық

ресурстарды анықтау үшін жасалуы керек еді. Алайда Үкімет мұндай шешімге Екібастұз қаласындағы болған ірі апаттан кейін ғана келіп отыр.

Көңіл аударатын тағы бір мәселе, ол – техникалық аудит автономды жылу жүйелерін де қамту. Себебі 18 қараша күні Ақмола облысы Аршалы ауылында мектеп қазандығында жарылыс болып, оның салдарынан үш адам зардап шекті.

Жалпы алғанда, техникалық аудит нәтижелері еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі ретіндегі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін осы саладағы кешенді құрылымдық реформалардың бастапқы қадамы болуы тиіс екенін атап өткім келеді.

Осыған байланысты және Екібастұз қаласындағыдай апаттың қайталанбауы үшін біздің ұсыныстарымыз:

1) жылумен жабдықтау саласында тиімді мемлекеттік саясатты қалыптастыруға, орталықтандырылған жылумен жабдықтау нарығы субъектілерінің өзара қарым-қатынастарын дұрыстауға, жылу энергетикасын бақылау мәселелерін реттеуге мүмкіндік беретін салалық заңды қабылдау;

2) жылу өндіруші, жылу беруші және жылумен жабдықтаушы ұйымдардың тиесілігінде байқалатын нарық субъектілері арасындағы бәсекелестіктің төмен деңгейін ескере отырып, саланы басқару жүйесінде құрылымдық қайта құруларды жүргізу;

3) табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық шарттар бойынша міндеттемелеріне, оның ішінде жабдықты жаңғырту және жаңарту, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үдерісін, субъектілердің өз міндеттемелерін орындауына мемлекеттік бақылауды күшейту;

4) жаңа жылу электр орталықтарын іске қосуға және жұмыс істеп тұрған жылу электр орталықтарын жаңғыртуға, жылу желілерінің тозуын азайтуға іс-шаралар жоспарын әзірлеу. Сондай-ақ жылу өндіру және беру объектілерінің жай-күйін қадағалайтын мониторинг жүйелерін енгізу.

Құрметпен «Өңір» депутаттық тобының атынан А. Нухұлы, Е. Сұлтанов, Ә. Құртаев, С. Шайдаров, Ғ. Сарыбаев».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 1 желтоқсан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының мүшелерін қызметіне тағайындау туралы

О назначении на должность членов Высшей аудиторской палаты Республики Казахстан

Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы С.Ө. ТРУМОВТЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по финансам и бюджету ТРУМОВА С.У. 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О геодезии, картографии и пространственных данных», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам геодезии, картографии и пространственных данных», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б.Б. МУСИННИҢ баяндамасы

Доклад Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан МУСИНА Б.Б. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. 5

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. 6

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Т.А. МҰСАБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности МУСАБАЕВА Т.А. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:	
САФИНОВ Қ.Б.	7
САРЫБАЕВ Ғ.Т.	9
ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А.	10

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам геодезии, картографии и пространственных данных» (второе чтение)

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Т.А. МҰСАБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности МУСАБАЕВА Т.А. 11

Депутат Л.Ж. СҮЛЕЙМЕННІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СУЛЕЙМЕН Л.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 12

Депутат Ж.Ә. ЖӨРГЕНБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖОРГЕНБАЕВА Ж.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 13

Депутат Д.Ө. НҰРЖІГІТОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУРЖИГИТОВОЙ Д.О. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 15

Депутат А. НУХҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУХУЛЫ А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 17

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

Стенографиялау қызметінің басшысы



А. Құсайынов

Г. Молдашева